



## БҰЙРЫҚ

*2016 жылғы 29 қыркүйек*

Қарағанды қаласы

## П Р И К А З

№ 328

город Караганда

Білім беру ұйымдарының  
«Назарбаев Зияткерлік мектебі»  
ДББҰ тәжірибесін тарату жөніндегі  
қызметі туралы

Қарағанды облысы білім басқармасының, Қарағанды қаласының «Педагогикалық шеберлік орталығы» филиалының және Қарағанды қаласының химия – биологиялық бағыттағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының арасындағы 2015 жылғы 26 қазандағы өзара ынтымақтастық туралы Меморандум негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2016 – 2017 оқу жылында «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ тәжірибесін тарату бойынша облыстың жалпы білім беретін мектептер тізімі бекітілсін (қосымша 1).

2. Аудандық, қалалық білім бөлімдері:

1) Қарағанды қаласының «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ тәжірибесін тарату жөніндегі жоспарының серіктес мектептер арқылы орындалуын қамтамасыз етсін (қосымша 2);

2) Облыстың жалпы білім беретін мектептерінің директорлары мен педагогтарының 2016 – 2017 оқу жылында «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ тәжірибесін тарату жөніндегі жылдық оқыту семинарын қатысуын қамтамасыз етсін.

3. Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу – әдістемелік орталығының директоры Г.Ш. Қожахметова «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ тәжірибесін тарату жөніндегі жұмысты үйлестірсін және мониторинг жасасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Б.Н. Әдекеноваға жүктелсін.

Басшы

А. Аймағамбетов

Келісілді:

Б. Әдекенова

Г. Қожахметова

А. Бөлкенбаев